

Швейцарияның "Марсель Бошунг АГ" фирмасының жол жинайтын техникасын алу үшін Алматы қаласы Әкімінің заемдық ақша қаражатын тарту туралы

Күшін жойған

II сайланған Алматы қалалық Мәслихатының V сессиясының 2000 жылғы 02 маусымдағы шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2000 жылғы 20 маусымда N 134 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қалалық мәслихатының 2009.10.30 № 253 шешімімен

РҚАО Ескертпесі: N 02-11 және 227 2005 жылғы 20 қаңтардағы Алматы қалалық Әділет департаменті хатының негізінде шешім "Нормативтік-құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 38-бабымен көзделген нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеуге жатпайды және онсыз қолданылады.

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қалалық мәслихатының 2009.10.30 № 253 шешімімен.

"Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы", "Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес II-сайланған Алматы қалалық Мәслихаты

Ш Е Ш І М **Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Қазақстан Республикасының қолданымдағы заңына сәйкес Швейцарияның "Марсель Бошунг АГ" фирмасынан сан-салалы жол жинайтын техникасын алу мақсатында Алматы қаласының Әкіміне теңгенің бағамы бойынша 5169392,28 Еуродан (бес миллион жүз алпыс тоғыз мың үш жүз тоқсан екі Еуро сегіз центтен) аспайтын көлемде ақша қаражатын тарту рұқсат етілсін.

2. 2000 жылға арналған Алматы қаласының бюджетінде аккредитив және 129569144,0 теңге (жүз жиырма тоғыз миллион бес жүз алпыс тоғыз мың жүз қырық төрт теңге) сомасында аванстық төлем ашуға байланысты шығын қ а р а с т ы р ы л с ы н .

3. 2001 жылдан бастап Алматы қаласы бюджетін қалыптастыру кезінде төлем сәтіндегі теңгенің бағамы бойынша қосымшаға сәйкес сома үшін заемды қайтару жөніндегі міндеттемені орындауға шығын қарастырылсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау экономика және өндірісті дамыту мәселесі жөніндегі тұрақты депутаттық комиссияға жүктелсін (А.И. Шелипанов).

*II-сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының V-сессиясының
төрағасы*

*II-сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының хатшысы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК